

Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 ақпандағы № 134 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 наурызда № 27004 болып тіркелді

Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қармақшы аудандық мәслихатының "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7002 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қармақшы ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

Ә. Қошалақов